

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
выходит 4 раза в год

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**  
публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/ICYL6092>

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**С. Б. Тлеубаев<sup>1</sup>, \*С. А. Жылқайдар<sup>2</sup>, Т. Ғалбиат<sup>3</sup>,  
А. М. Утепберген<sup>4</sup>**

<sup>1,2,3,4</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*e-mail: [zhylkaidar.symbat@mail.ru](mailto:zhylkaidar.symbat@mail.ru)

## **«ОЛЖАБАЙ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ САРЫНДАР СИПАТЫ**

*Қазақ фольклортану ғылымында соңғы жырларда ғана қолға алынып, зерттеле бастаған тақырыптардың бірі – хандар мен батырларға қатысты тарихи жырлар. Халқымыздың ұлы тұлға, біртуар қаيراتкерлерін тарихи деректер ауқымынан ғана танып білу жеткіліксіз екендігі белгілі. Олай болса, тарихи тұлғаларды жете тану үшін фольклорлық мұраларды да жан-жақты саралап, талдаудың маңызы зор. Олжабай батыр жайында жазылған тарихи жырлар қазақ әдебиетінде талғамы биік, өмір шындығын негіз еткен тарихи деректі әрі көркемдік дәрежесі жоғары шығармалар қатарынан орын алады.*

*Бұл мақалада Олжабай батыр жырындағы кездесетін тұрақты сарындардың ерекшелігі мен ұқсастықтары қарастырылады. Жырдағы тұрақты сарындар жайлы ғалымдар тарапынан берілген пікірлер сөз болып, оның қолданыс аясы айқындалады. Этикалық заңдылық шеңберінде жасалған көркем суреттеулер салыстырылып сипатталған. Бір әдебиеттен екінші әдебиетке, дәуірден дәуірге ауысатын сюжеттік сарындар байланысы жан-жақты сөз болады. Тұрақты сарындардың жанрлық ерекшелігі, эпос тілінің формулалығының байланысы сараланады. Әрбір сарының мақсаты мен мәні айқындалып, жырдағы тұрақты сипаты анықталады. Жырда кездесетін тұрақты мотивтердің қызметі мен ролі, эпостық үлгілерімен байланысы, тарихи жырда алатын орны, ондағы ұқсастық пен ерекшелік талданады. Олжабай батыр жырындағы кездесетін болжау мотиві, тұрақты қайталаулар, көркемдеуіш құралдар жан-жақты зерттеледі. Зерттеу барысында тұрақты сарындардың маңызын әрі оның фольклормен байланысын танымдық тұрғыда қарап, қолданыстағы ерекшеліктеріне тоқталамыз.*

*Кілтті сөздер: тарихи жыр, сарын, батыр, фольклор, жанр.*

### **Кіріспе**

Дәстүрлі сарын – әр халықтың әдебиетінде бұрыннан келе жатқан, бір әдебиеттен екінші әдебиетке, дәуірден дәуірге ауысатын сюжеттік сарындар. Алайда мұндай сюжеттік желілерді олардың дәуірінен, нақты шығармалардың көркемдік шешімінен, ұлттық әдеби процестен бөліп алу әрдайым ұтымды бола бермейді. Мұндай ұқсас сарындар көбінесе өмірдің өзінен туындайды, оларды халық өміріндегі ұқсас жағдайлардың әдебиеттегі көрінісі деп атауға болады.

Ш. Ыбыраев: «Мотивтердің қызметі екі жақты: әрі дәстүрлі, әрі жаңашылдық сипатта. Анығырақ айтқанда, тарихи жаңа мазмұнды дәстүрлі машықтармен игеруге мотив айрықша қызмет атқарады. Мотивтің мағынасы тың деректермен толысып, әлеуметтік ортаға икемделгенмен, сюжеттегі семантикалық қызмет атқарады» [1, 244]. Жырда Олжабай батыр қаһармандығы паш етіледі. Олжабай батыр жырындағы суреттелетін оқиғалар – эпикалық заңдылық шеңберінде жасалған көркем суреттеулер топтамасынан құралады. Атап айтсақ, басты қаһарманның пірі, ерлік пен шайқасы, жекпе-жекке шығуы т.б.

Кең даланы өркениетті көшпелі мәдениетімен қоса сойылдың күші, найзаның ұшымен қорғап, өліспей беріспеуге бел байлаған ата-бабаларымыздың сан ғасырлық тарихының көркем келбеті мен тағдыр тауқыметі, асыл қасиеттері мен тілек-аңсары қазақтың Олжабай батыр жырында теңіздің тереңінен теріп алынған інжу-маржандай тізіліп тұрады.

### **Материалдар мен әдістер**

Мақалада мәтіндердің мазмұны мен құрылымын салыстыру, жинақталған ақпаратты жүйелеу, қорытындылау әдіс-тәсілдері кеңінен қолданыс тапты.

Тарихи жырларда Олжабай тұлғасының биік поэтикалық қуатпен жырлануы – эпикалық дәстүрдің жаңаша көрінісі. Әдебиетші ғалым Ө.Дербісәлин айтқандай: «Дәстүрдің бірі де, бәрі де ұлттық сипаттың ішіндегі құбылыстар. Олардың барлық жиынтығы ғана ұлттық сипаттың өзіндік дара қасиетін белгілейді. Сондықтан дәстүрдің өзгеруі мен жаңаруы жалпы ұлттық поэзияның арнасында, аясында болып жататын, оның жалпы тіршілік-тынысын, өсу қадамын танытатын, кем-кемдеп жаңа белгілерді бойына жинау тәрізді өзгерісін аңғартатын ішкі қалыпты жайлар» [2, 16]. Дастандарда тарихи шындық, нақты оқиға жағы басым болумен қатар, эпикалық дәстүрдің көрініс табуы, көркемдік ерекшеліктерінде дәстүрлі эпостық сілемдердің ұшырасуы байқалады.

Әсірелеудің бір түрі – батырдың тым ерте жасаған ерлігі екені баршаға мәлім. Мысалы: Қобыланды батырдың алғашқы ерлігі алты жаста, Алпамыс он жаста болатын. Бұндай әсірелеу Олжабай батыр жыр нұсқаларында да бар.

Әр дәуір туындылардың өз ерекшеліктері болғанымен, қалыптасқан дәстүр ізін іліп әкету үрдісі жалғасын табуы өз алдына қоғамдық-саяси жағдайлар ақындар шығармашылығына әсерін тигізді. «Бұрынғы эпос пен жыраулық поэзиялық көркемдік фоны – ұлан-ғайыр дала болса, зар заман ақындарының шығармаларында айтылатын құбылыстар – алды-арты шектеулі тар мекен» [3, 96]. Ал тарихи жырлардың ерекшелігі, тығырықтан шығар жолды іздеп шарқ ұрып, сарыуайымға батпай, халықты бостандыққа жетелеу, тәуелсіздікке үндеу сарыны басты орында болды.

Қазақтың эпикалық жырларында тұрақты қайталаушылардың (формалық) тұтас сериясы бар, яғни мәтіннен мәтінге көшіп жүретін дәстүрлі стильдік формулалар үлкен шоғыр құрайды [4]. Өйткені эпикалық жырлар ауызша туып мақталады. Сондықтан да оның мазмұны мен бейнелеу құралдарында үлгі өрнектер басым. Жырды таратушы ақын, жазушылар фольклорлық дәстүрді сақтай отырып, өзгеріс енгізуде мүмкін. Осыған орай әр ақынның жырда өз қолтаңбасы қалады. Алайда эпикалық шығармалардың туып, даму эволюциясы қалыптасып тұрақталған белгілі көркемдік әдіс-тәсілдермен суырыпсалмалықтың қатысуы арқылы жүзеге асатын шығармашылық екенін ескертсек, қалай болғанда да эпос тілінің формулалығы – олардың басты ерекшеліктерінің бірі.

Формулалық әр шығармада не бір шығарманың бірнеше вариантында әртүрлі мөлшерде болады. Бұлардың атқаратын функциясы мен сипаты да бірдей емес. Ол жекелеген сөз тіркестері мен өлең шумақтарынан тұтас эпизодқа дейінгі аралықта келеді. Сондай-ақ кейбір қайталаулар бір ғана шығарманың ішінде кездессе, кейбірі бірнеше эпикалық жырларда ұшырасады. Сөйтіп, қайталаулар эпикалық жырдың негізгі тәсілдерінің бірі болып есептеледі.

Батыр өзінің қарсылас жауын нысанаға алғанда осындай бір үлгідегі сөздерді айтады. Осы секілді тұрақты жолдар батырларды айрықша күш иесі етіп сипаттағанда да қолданылады. Мәселен, Қалдан Шеріннің Олжабай батырға қарсы қару алған кезі:

Қорамсаққа қол салып,  
Көп оғына жол салып,  
Толықсып тұрған баланы

Толғап тартып салады [5], – деп келеді. Батырларға сипаттама осындай екшеленген біркелкі стандартты жолдармен беріледі. Мұндай стереотиптік жолдар қаһармандық эпостарға батырлардың портреттік бейнесін суреттегенде де айтылады.

Эпикалық жырлар ауызша туып, ауызша тарайтындықтан оның сюжеттік композициялық жүйесінің өзі дәстүрлі тақырыптарға құрылады. Басқаша айтқанда, сюжеттік құрылымы жағынан да біркелкілік байқалады. Осындай

ортақ, сарындас тақырыптарды бір үлгіде баяндау техникасы болады. Яғни бірте-бірте барлық эпосқа тән ортақ сөз айшықтары қалыптасады. Сөйтіп, әбден тұрақтанған қалыпты сақтай отырып айтудың дәстүрлі шарттылығы туады да, ол біртіндеп стильге айналады. Сонымен бірге формулалық көлемі үлкен мәтінде еске сақтауды жеңілдетеді. Бұдан шығар түйін қайталау эпос стилінің өзгеше тәсілі болып табылады.

Батырлық жырдағы бас кейіпкер – ерекше дүниеге келген, асқан күш иесі. Сол себептен оның қарсыласы да, өзіне лайықты болуы керек. Күші жағынан батырмен тең түсетін, кей тұста тіпті айрықша айбарлы суреттелетін жау батырын қаһарман үлкен қиындықпен жеңеді. Батырлық эпостарға тән көркемдік тәсіл қарама-қарсы суреттеу екі контраст деп аталады. Өйткені жоғарыда келтірілген қазақ батырларының топтама бейнеленуімен суреттеудегі мысалдар көңілге қонымды екені күмәнсіз.

Қаһарманды өзгелерден бөліп, даралап көрсету үшін батырлық эпостарды кеңінен қолданатын тәсіл – ұлғайту (гипербола). Жырдағы батырдың бейнесі, іс-әрекеті оның тұлпарының кескіні, шабысы тыңдаушыны елең еткізерліктей еселене ұлғайтылып суреттеледі. Олжабай батыр «Үш жүзде Олжабайдан асар жан жоқ» деп бейнеленеді [6]. Ұрыс өтіп жатқан кеңістіктің бүкіл көрінісін қан төгіп, жан берісіп жау жүрек батырдың кейпін ашып көрсетіп, тыңдаушыны еліктіріп қаһарманның ерлік оқиға тізбегімен ілестіреді. Бұл эпостағы ұлғайту тәсілі. Айналасы екі-үш ауыз сөзге көл-көсір психологиялық сәтті сыйғызып суреттеу жыршыдан асқан шеберлікті қажет етер даусыз. Халықтың түсінігіне жат, жалған тіркесті жұрт қабылдасамаса тағы да мәлім. «Олжабай батыр» жырынның әр тармағы көркемдік тәсіл арқылы берілген.

### **Нәтижелер және талқылау**

Классикалық батырлар жырларының кейіпкерлері әдетте жауға жалғыз аттанса, тарихи жырлардың көпшілігінде батырмен қатар, әскери жасақтың да атқаратын қызметі көрсетіледі. Бас кейіпкердің қызметі колбасшылық ретінде көрінеді.

Жауынгер болды қазақ көрер көзге.

Алмаққа Сарыарқаны даярланып,

Қырық батыр сол уақытта жаһан кезді [5], – деген жолдардан Олжабайдың қырық сарбазымен қалмақ еліне аттанғанын байқай аламыз.

Кейіпкердің жорыққа аттанған уақыт мөлшері де жыр жолдарында бір қалыпта баяндалады. Мәселен, жырдағы қырық сарбазмен жорыққа атанғанда:

Күн-түн қатты, жол жүріп,

Іздеп кетіп барады

Немесе:

Күн-түн қатты, жол жүріп,

Не жерлерден өтеді [5], – деген тіркестер жыр бойында аздаған өзгеріске ұшырай отыра қайталанады.

Тарихи жырларда ауыз әдебиеті дәстүріне сай белгі шығарма тілінің формулалығы жиі кездеседі. Дәстүрлі стильдік формулалар мәтіннен-мәтінге көшіп өзіндік тұрақты шоғыр құрайды. Мәтінді ауызша жеткізгендіктен дәстүрлі өрнектердің басым болуы сөзсіз. Алайда рухани қажеттілік, ақынды шабытқа бөлеп, творчестволық толғанысқа түсіретіндігін де ұмытпауымыз керек. Сол себепті де формулалылық жырдың әр нұсқасында әртүрлі мөлшерде беріледі. Олардың атқаратын қызметі мен сипаты да әртүрлі. Қайталаулар-тарихи жырдың негізі тәсілдерінің бірі [7]. Қайталаулар жырда тармақтармен кейде шумақтармен де беріледі. Мысалы, батырдың сөздерінің алдында (монолог, диалог) көмекші формулалар жиі кездеседі. Олар дәнекерлік қызмет атқарады. Мәселен, Олжабай батыр жырында: «Олжабай сонда сөйледі», «Сонда бала сөйледі», «Сонда қалмақ толғады» деген сияқты бір не екі жолдан тұратын көмескі формулалар әлденеше рет қайталанады, әрі кейіпкер сөздері мен жырдың біршама аяқталған эпизодтарын жалғастырады, сөйтіп, мәтіннің тұтастығын сақтауға мүмкіндік береді. Мұның барлығы да дәстүрге тән шарттылық болып табылады.

Фольклордағы дәстүрлік сөздік мәтіннің тұрақтылығынан да әуен мен орындау біркелкілігінен де көрінеді. Дәл осындай дәстүрлі шумақтар мен оралымдар ерте замандағы халықтың сана елесін неғұрлым анық көрсетеді. Бұл айтылғаннан дәстүрлік дегеннің ұжымдық шығармашылық нәтижесі көне мұраны сақтау мен таратудың көпшілік формасы екені байқалса керек.

Болжау мотивінің сюжеттегі қызметі батырдың кезекті іс-әрекетінің дәлелдемесі (мотивировка) үшін қолданылады. Алда болатын оқиғаның хабар түрінде берілу тәсілі әртүрлі: түс көру және оны жору, жау елінде мыстан кемпірдің бәрін біліп отыруы, батырдың аты мен әйелі болатын оқиғаны алдын ала сезіп, батырға ақыл-кеңес беруі, бал ашу, – деп жазған Ш.Ыбыраев: Осылардың ішінде ең көп тарағаны түс көруі – деген оймен түйіндейді. [1, 111]. Біз қарастырып отырған «Олжабай батыр» жырындағы бірден-бір дәстүрлі сарын – бал ашу.

Жау соңында түсіп келе жатқан шағында Олжабай батыр жолда кездескен қарияға құмалақ салғызады:

Олжабай сөз сөйлейді лебіз ашып:

Анажан, сыр сұрастық ұшырасып.

Адамсыз көпті көріп, көз жасаған,

Қарашы талығымды бір бал ашып [5].

Түс көру мен түс жору, бал ашу секілді көркемдік элементтер кейіпкердің көңіл күйіне тікелей әсер етіп, олардың тірі пенде ретінде алуан түрлі күйініш-сүйінішті, түрлі эмоциялық сезімдерді бастан кешіруге мәжбүр етеді. Бал ашу желісін талдаудың эпикалық сөз өнеріндегі көркемдік қызметі мен атқарар міндетін атап айтар болсақ, түстің қай жанрлық түрде де (аңыз, эпос т.б.) бүкіл сюжетті ұстап тұратын негізгі темірқазық екендігі белгілі.

«Көркемдеу құралдары – нақты тарихи эпостардың эпикасын құрайтын компоненттің бірі. Демек, қаһарманды дәріптеу, композициялық құрылыс қана емес, бейнелеуіш құралдар арқылы да жүзеге асырылады» [8, 210]. Соның бірі-эпикалық образ жасауда жиі қолданылатын әсірелеу ұлғайту мен кішірейту тәсілдері ауыз әдебиетінде әсіресе батырлар жырында көп қолданылады. Мұндағы мақсат – тыңдаушы жұртқа тосын әсерлер туғызу, оларды қызықтыру. Сөйтіп, суреттеліп отырған образдарды көңілге ұялату. Олжабай бейнесі кескінделген әдеби мұралардың өзіне тән ерекшеліктері, көркемдік өрнектері мол екенін атап айтқан жөн. Тарихи жырларда түрлі көркемдік тәсілдерді қолданылған.

Дәлірек айтқанда, ассонанс, аллитерация, эпитет, метафора, метонимия, синекдоха, символ, фигура т.б. көркемдік тәсілдердің алуан түрін кездестіреміз. Олжабай батыр жайындағы жырларда орынды қолдана білген көркемдік тәсілдердің бірі – дыбыс үндестігі болып табылады:

Олжабай өз еліне келгеннен соң,  
Орта жүз «Он сан» болып тойын қылған,  
Орта жүздің қуанып барлық елі [9].

«Олжабай батыр» атты Е.Құлсариев нұсқасындағы бұл шумағында «а» дыбыс ерекше үндестік тапқан.

Немесе:

Аттанды батыр саладан,  
Аузы кетпей тобадан

Аттанып Олжабай келгенді [9], – деген де «а» дыбысының үндестігі табуынан батырларға арналған жыр, дастандардың табиғатына сай ақтарыла, ұрандап, үндеп келетін көтеріңкі пафосты байқауымызға болады

Немесе:

Қорғанға кірген мезгілде  
Қалмақ қашты дүркірей.  
Қанатты тұлпар – Тайкөк ат

Қорықпастан шауып жүр [9], – дегенде Олжабай батырдың тұлпары Тайкөктің соғыстағы орнын дауыссыз «к» дыбысын үндестіру арқылы шебер баяндап тұр. Олжабай батыр жырының әр нұсқасында шебер қолданылған дыбыс үндестігін көптеп табуымызға болады.



Олжабай батырға байланысты тарихи жырларда жоғарыда мысал келтірілген көркемдік тәсілдерден басқа да алуан түрлі өрнектеу құралдарын кездестіреміз. Олжабайға арналған жырлар табиғаты көркемділік, суреттілік сырларымен мағыналы, мәнді ойларымен құнды болмақ. Кез келген рухани мұраны түбегейлі зерттеудің бір жолы-көркемдігіне, тіл өрнегіне, ұйқасына ықтиятты назар аударудан басталады [10, 94]. Олардағы түрлі метафора, теңеу, эпитет т.б. құралдары көркемдік биік деңгейін танытады. Қазақтың сөз құдіретін кемел қолдана білген ел ақындары қай кезеңде болмасын көркем де ойлы, ұлт мұратын аңғартар, өміршең рухани мұрай жасай білетіні анық.

Дегенмен де отаншылдық рухы, азаматтық намысы асқақ халқымыздың басынан кешкен тарихы мен сол халық тудырған батырлар жырының суреттелетін оқиғалар арасына тепе-теңдік белгісін қоюдан аулақпыз. Өйткені тарихи оқиға дерегі немесе куәгердің әңгімесі жыршының сергек сезімі арқылы қабылданып, өрісті ой елегінен сүзіліп өтіп, айтушының жалпы эпикалық білім қорымен тоғысады.

### **Қорытынды**

Зерттей келгенде, фольклорлық дәстүрдің ізін тарихи жыр жанрларының кез келген үлгісінен кездестіруге болады. Тарихи жырларда өмірбаяндық сарындарға аз орын берілген. Бұған, керісінше, кейіпкерлердің ел тағдыры шешілер тұстағы оқиғаларға қатысына баса көңіл бөлінеді. Тарихи жырлардың кейбіреуінде өмірбаяндық сарындардың азды-көпті кездесіп қалуын, өзге эпос үлгілері сияқты тарихи жырлардың да басты мақсаты кейіпкерді дәріптеу екені, ал осы дәріптеуде, даралауды фольклорлық дәстүрлі сарындардың рөлі ерекше екендігіне жоғарыда барынша тоқталып өттік.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

1 **Ыбыраев, Ш.** Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы : Ғылым, 1993. – 296 б.

2 **Дербісәлин, Ә.** Дәстүр мен жалғастық. – Алматы : Ғылым, 1976. – 204 б.

3 **Тұрсынов, Е.** Тарихи жырлардың зерттелуі мен жанрлық сипаты // Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы : Ғылым, 1979. – 311 б.

4 **Қоңыратбаев, Ә.** Эпос және оны айтушылар. – Алматы : Жазушы, 1975. – 260 б.

5 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Тарихи жырлар. – Астана, 2010. – 448 б.

6 **Жұмалиев, Қ.** Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. – Алматы : «Жазушы», 1958. – 420 б.

7 **Бердібаев, Р.** Қазақ эпосы. – Алматы : Ғылым, 1979. – 312 б.

8 Халық әдебиетіндегі тарих көріністері. Қазақ фольклорының тарихилығы. I том. Монография – Алматы : НВ Принт, 2016 – 340 б.

9 **Рақымов, Б.** Олжабай батыр. – Қарағанды : ҚарМУ, 2003. – 106 б.

10 **Әзібаева, Б.** Қазақ эпосының сюжеттері. – Алматы : Servise Press, 2014. – 575 б.

## References

1 **Ybyraev, Sh.** Epos álemi. Qazaqtyn batyrlыq zhyrlarynyń poetikasy [Epic world. Poetics of Kazakh heroic songs]. – Алматы : Gylym, 1993. – 296 p.

2 **Derbisálin, Á.** Dástur men jalǵastyq [Tradition and continuity]. – Алматы : Gylym, 1976. – 204 p.

3 **Türsynov, E.** Tarikhi jyrlardyń zerttelui men janrlыq sıpaty // Qazaq tarikhi jyrlarynyń máseleleri [Research and genre characteristics of historical poems // Problems of Kazakh historical poems]. – Алматы, 1979. – 311 p.

4 **Qońyratbayev, Á.** Epos jáne ony aitushylar [The epic and its narrators]. – Алматы : Jazýshy , 1975. – 260 p.

5 Babalar sozi: Zhyztomdyq. Tarikhi jyr. [The words of the ancestors. One hundred volumes. Kazakh proverbs and sayings] [Text]. – Astana, 2010. – 488 p.

6 **Jūmaliev, Q.** Qazaq eposy men ádebiet tarikhynyń máseleleri [Kazakh epos and problems of literary history]. – Алматы : Jazýshy, 1958. – 420 p.

7 **Berdibayev, R.** Qazaq eposy [Kazakh epic]. – Алматы : Gylym, 1979. – 312 p.

8 Khalyq ádebietindegi tarikh kórinisteri. Qazaq folklorynyń tarikhilyǵy. I tom. Monografia [Views of history in folk literature. Historicity of Kazakh folklore. Volume I. Monograph]. – Алматы : NV Print, 2016. – 340 p.

9 **Rakhymov, B.** Olzhabay batyr. – Karaganda : QarMU, 2003. –106 p.

10 **Ázibayeva, B.** Qazaq eposynyń siuzhetteri [Plots of the Kazakh epic]. – Алматы : Servise Press, 2014. – 575 p.

Материал 13.03.23 баспаға түсті.

С. Б. Тлеубаев<sup>1</sup>, \*С. А. Жылкайдар<sup>2</sup>, Т. Галбиат<sup>3</sup>, А. М. Утепберген<sup>4</sup>

<sup>1,2,3</sup>Казахский национальный университет имени аль-Фараби,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 13.03.23.

## **ХАРАКТЕРИСТИКА ПОСТОЯННЫХ МОТИВОВ В ЭПОСЕ «ОЛЖАБАЙ БАТЫР».**

*Исторические поэмы о ханах и богатырях являются одной из тем, изучаемых в науке казахского фольклористики лишь в последние годы. Известно, что мало признать великих личностей нашего народа, деятелей одного рода, только из ряда исторических данных. Поэтому очень важно всесторонне дифференцировать и анализировать фольклорное наследие, чтобы всесторонне понять исторических деятелей. Исторические поэмы, написанные об Олжабай батыре, относятся к произведениям высокого вкуса, исторической документальности и высокого художественного качества, основанных на реалиях жизни в казахской литературе.*

*В этой статье рассматриваются особенности и сходства устойчивых мотивов, встречающихся в поэме Олжабай батыра. Сопоставлены и описаны художественные иллюстрации, созданные в рамках эпической легитимности. Связь сюжетных мотивов, переходящих от одной литературы к другой, от эпохи к эпохе, становится многогранной. Дифференцируется жанровая специфика устойчивых мотивов, связь формул языка эпоса. Определяется назначение и значение каждого мотива, определяется его постоянный характер. Анализируются функции и роль устойчивых мотивов, встречающихся в псалме, связь с эпическими образцами, место, занимаемое в исторической псалме, сходство и своеобразие в ней. В поэме Олжабай батыра подробно изучаются мотивы предсказаний, устойчивые повторения, средства художественной выразительности. В ходе исследования изучим значение устойчивых мотивов и их связь с фольклором, остановимся на существующих особенностях.*

*Ключевые слова: историческая поэма, мотив, батыр, фольклор, жанр*

S. B. Tleubaev<sup>1</sup>, \*S. A. Zhylkaidar<sup>2</sup>, T. Galbiat<sup>3</sup>, A. M. Utepbergen<sup>4</sup>

<sup>1,2,3</sup>al-Farabi Kazakh National University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 13.03.23.

## CHARACTERISTICS OF PERMANENT SONGS IN THE SONG «OLZHABAY BATYR»

*In Kazakh folklore, one of the topics that has become studied and updated only in recent years are historical poems concerning khans and batyrs. It is known that one person, one figure of our people, is not enough to be known only by the scale of historical data. Therefore, for a deeper knowledge of historical figures, it is important to comprehensively analyze and analyze the folklore heritage. Historical poems about Olzhabai batyr occupy a high place in Kazakh literature, are historical documentary and artistic works that create an atmosphere of life.*

*This article examines the features and similarities of the stable motifs found in the poem of Olzhabai batyr. Artistic illustrations created within the framework of epic legitimacy are compared and described. The connection of plot motifs passing from one literature to another, from epoch to epoch, becomes multifaceted. The genre specificity of stable motives, the connection of the formulas of the language of the epic is differentiated. The purpose and meaning of each motive is determined, its permanent character is determined. The functions and role of stable motifs found in the psalm, the connection with epic patterns, the place occupied in the historical psalm, the similarity and originality in it are analyzed. In the poem of Olzhabai batyr, the motives of predictions, stable repetitions, and means of artistic expression are studied in detail. In the course of the study, we will study the significance of stable motives and their connection with folklore, and focus on existing features.*

*Keywords: historical poem, motif, batyr, folklore, genre.*

Теруге 13.03.2023 ж. жіберілді. Басуға 31.03.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,41 МБ RAM

Шартты баспа табағы 25,38. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4037

Сдано в набор 13.03.2023 г. Подписано в печать 31.03.2023 г.

Электронное издание

3,41 МБ RAM

Усл. печ. л. 25,38. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4037

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)